

2025 жылғы 22–24 қазан аралығында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректоры С.И. Идрисов және «Каспий» кешенді зерттеулер және мониторинг зертханасының меңгерушісі Г. Жұматова Санкт-Петербург қаласында өткен VIII Халықаралық балық шаруашылығы форумы мен балық өнеркәсібі, теңіз өнімдері және технологиялар көрмесіне (Global Fishery Forum & Seafood Expo Russia 2025) қатысты.

Сапардың мақсаты – кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға, жаңа технологиялармен және саланың даму үрдістерімен танысуға мүмкіндік беретін форум жұмысына қатысу, сондай-ақ «Университеттердегі зерттеулер үшін жасанды интеллектті пайдаланудың заманауи тәжірибелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел аясында баяндама жасау болды.







2025 жылғы 10–12 қараша аралығында С.З. Сағындықова, Н.Н. Попов және Г.Г. Жұматова ВР 28713197 Каспий тұрақты инновациялар орталығы: өңірдің неғұрлым экологиялық болашаққа көшуі үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық ілгерілету (2025-2027 жж.). жоба аясында Астрахань мемлекеттік техникалық университеті мен «Рыбные корма» АҚ-да болды. Сапардың мақсаты – акваөсіру (аквакультура) үшін жем өндірудің заманауи технологиялары мен инновациялық шешімдерімен танысу, тәжірибе алмасу, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламалары саласындағы ынтымақтастықтың ықтимал бағыттарын талқылау болды.









2025 жылғы 26–29 желтоқсан аралығында Г.Г. Жұматова мен Н.Т. Замзамова қызметтік іссапармен Баку қаласында (Әзербайжан Республикасы) болды.

Сапардың мақсаты – 2026 жылға арналған жоба күнтізбелік жоспарының міндеттерін талқылау және келісу, жоба аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру, тұрақты және инновациялық шешімдерді енгізу мәселелері бойынша сараптамалық кеңестер алу, сондай-ақ халықаралық ғылыми-академиялық ынтымақтастықты дамыту және нығайту болды.

Қабылдаушы тарап / сыртқы консультант: Ганбаров Худаверди Ганбар оғлы – биология ғылымдарының докторы, Баку мемлекеттік университетінің «Микробиология және вирусология» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі.

Іссапар бекітілген жоба аясында жүзеге асырылды және оның мақсаттарына, міндеттеріне әрі күтілетін нәтижелеріне толық сәйкес келеді.







24 наурыз күні Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті делегациясының Санкт-Петербург мемлекеттік аэроғарыштық аспап жасау университетіне жасаған халықаралық сапары Қазақстан мен Ресей арасындағы ғылыми-білім беру ынтымақтастығын нығайтудың маңызды кезеңіне айналды.

Делегация құрамында «Каспий» кешенді зерттеулер және қоршаған ортаны мониторингтеу зертханасының меңгерушісі Гүлшат Жұматова мен «Академиялық артықшылық орталығы» жобалық кеңсесінің басшысы, профессор Гүлбаршын Шамбилова болды. Сапардың басты мақсаты - серіктестік байланыстарды кеңейту, тәжірибе алмасу және болашақ бірлескен жобалардың бағыттарын айқындау.

Кездесу барысында қабылдаушы тарап инженерлік және аэроғарыштық технологиялардан бастап жасанды интеллектке дейінгі өзекті ғылыми бағыттар бойынша ынтымақтастыққа дайын екенін білдірді. Әсіресе ғылым мен білімді ұштастыруға бағытталған халықаралық әріптестікті дамытуға ерекше мән берілді.

Тараптар бұл кездесудің символдық маңызын да атап өтті: екі оқу орны да биыл 85 жылдық мерейтойларын атап өтіп, ғылым мен технологияның дамуына қосқан зор үлестерін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

Сапар аясында университет өкілдері акселерациялық бағдарламалар, стартап-студиялар және халықаралық білім беру бастамалары туралы кеңінен таныстырды. Сонымен қатар қазақстандық делегация оқу орнының заманауи ғылыми инфрақұрылымымен, соның ішінде экологиялық және техносфералық қауіпсіздік зертханаларымен, сондай-ақ ғарыштық технологиялар саласындағы инновациялық орталықтарымен танысты.

Кездесу қорытындысында жоғары білім, ғылым және инновациялар саласындағы ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Жалпы, сапар конструктивті әрі достық жағдайда өтіп, бірлескен ғылыми зерттеулерді дамытуға, академиялық алмасуларды кеңейтуге және халықаралық жобаларды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашты.





**ГУАП**



**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
АЭРОКОСМИЧЕСКОГО  
ПРИБОРОСТРОЕНИЯ**



2026 жылғы 15 сәуірде «Каспий тұрақты инновациялар орталығы: өңірдің экологиялық тұрғыдан неғұрлым тұрақты болашағына көшу үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық тұрғыда ілгерілету» бағдарламасының 5-бағыты аясында «Каспий теңізіндегі бекіре тұқымдас балықтарды қорғау және жасанды көбейту инновациялары» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік семинар өткізілді.

Семинар жұмысына профессор-оқытушылар құрамы, жас ғалымдар, магистранттар, өндіріс мамандары қатысып, Каспий өңірінің биоалуантүрлілігін сақтау, бекіре қорларын тиімді басқару, акваөсіру технологияларын жетілдіру және ғылыми зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізу мәселелерін талқылады.

Іс-шара барысында:

- ◆ бекіре балықтарын жасанды көбейту тәжірибелері;
- ◆ тұйық су айналымы жүйесі (УЗВ) технологиялары;
- ◆ шабақтарды қоректендірудегі заманауи тәсілдер;
- ◆ олигохеттердің қоректік және биотехнологиялық маңызы;
- ◆ акваөсірудегі цифрландыру мүмкіндіктері бойынша баяндамалар ұсынылды.

Семинар қорытындысында Каспий теңізі бассейніндегі бекіре тұқымдас балықтардың генетикалық қорын сақтау, жасанды көбейту бағытындағы ғылыми зерттеулерді күшейту, УЗВ технологияларын өндіріске кеңінен енгізу және инновациялық биотехнологиялық шешімдерді тәжірибеге қолдану жөнінде нақты ұсыныстар қабылданды.

Ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған бұл семинар Каспий өңірінің биоресурстарын сақтау және балық шаруашылығын тұрақты дамыту жолындағы маңызды қадам болды.

<https://www.facebook.com/share/r/1LUMF7AHZ4/?mibextid=wwXIfr>  
<https://www.instagram.com/reel/DZbp8unlGUf/?igsh=MXd0ajNiaTUwbng0eA==>







«Каспий тұрақты инновациялар орталығы: өңірдің экологиялық тұрғыдан неғұрлым тұрақты болашағына көшу үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық тұрғыда ілгерілету» бағдарламасының 5-бағыты аясындағы егістік-дала жұмыстары Атырау қаласында, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Атырау ғылыми-эксперименттік алаңында орналасқан тәжірибелік учаскеде орындалады.

Зерттеу жұмыстары *Linum usitatissimum* (кәдімгі зығыр) және *Cannabis sativa* (кендір) тұқымдарының өну энергиясының параметрлерін зерттеуге бағытталған.







2026 жылы 11–18 мамыр аралығында жоба жетекшісі Г.К.Шамбилова, «Каспий» кешенді зерттеулер және мониторинг зертханасының меңгерушісі Г.Г. Жұматова, Химия және химиялық технологиялар кафедра меңгерушісі Ж.К.Кадашева және, 1- бағыт бойынша жетекшісі А.С.Калауова BR 28713197 Каспий тұрақты инновациялар орталығы: өңірдің неғұрлым экологиялық болашаққа көшуі үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық ілгерілету (2025-2027 жж.). жоба аясында XIII Халықаралық конференция және «Gas Turbine Focus 2026 (GTF)» ҚХР-дың Шанхай қаласында болған көрмесіне қатысты.

Сапардың мақсаты – жаңа технологиялар саласындағы заманауи ғылыми жетістіктермен және инновациялық әзірлемелермен танысу, халықаралық тәжірибе алмасу, кәсіби біліктілікті арттыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және білім беру салаларындағы халықаралық ынтымақтастық байланыстарын дамыту..







2026 жылдың 11 маусым күні ЖШС «Caspian Royal Fish» бекіре өсіру фермасында «Каспий тұрақты инновациялар орталығы: өңірдің экологиялық тұрғыдан неғұрлым тұрақты болашағына көшу үшін баламалы шешімдерді ғылыми-академиялық тұрғыда ілгерілету» бағдарламасының 5-бағыты аясындағы эксперименттік зерттеу жұмыстары және 6B08401 – «Балық шаруашылығы және ихтиология» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттері барды.

Жоба аясындағы кезекті зерттеу жұмыстарында бақылау және эксперименттік топтағы бекіретәрізді балықтардың жас шабақтары алдын ала пайдалы микроорганизмдермен байытылған технология арқылы дайындалған табиғи қорекпен қоректендірілді.

Зерттеу жұмыстарының орындалуына жас шабақтардың қорегін алдын ала дайындауда жоба жетекшісі, биология ғылымдарының докторы, профессор Сағындықова С.З. және жоба орындаушысы PhD Нургалиева А.К. жетекшілік жасады. Сонымен қатар жоба мүшелері – биология ғылымдарының кандидаты Попов Н.Н. және жоба аясындағы аға қызметкер Жұматова Г.Г. зерттеу жұмыстарына белсенді қатысты.

Аталған зерттеулер бекіре балықтарын өсіру барысында жас шабақтардың қоректену ерекшеліктерін, өсу қарқынын, салмақ қосуын, биологиялық даму көрсеткіштерін, ішкі микрофлорасының қалыптасуын және пробиотиктермен қанығу деңгейін анықтауға бағытталған.



# ТАУАРЛЫ БЕКІРЕ ФЕРМАСЫ





